

**Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жоніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі**

**Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 43 Қаулысы**

**(2023.30.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)**

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021.05.02. № 7 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2022.28.10. № 80 Қаулысымен (2022 ж. 18 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) тақырыбы жаңа редакцияда*

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022.28.10. № 80 Қаулысымен кіріспе жаңа редакцияда (2022 ж. 18 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)* тақырыбы жаңа редакцияда

«Сақтандыру қызметі туралы», «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы», «Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021.05.02. № 7 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2022.28.10. № 80 Қаулысымен (2022 ж. 18 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда*

1. Қоса беріліп отырған Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жоніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға косымшага сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы**

**М. Абылқасымова**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
2020 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022.28.10. № 80  
Қаулысымен тізбесі жаңа редакцияда (2022 ж. 18 қарашадан бастап қолданысқа  
енгізілді) (бұр.ред.қара)*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігінің  
2020 жылғы 30 наурыздағы  
№ 43 қаулысымен бекітілді

**Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті  
құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан  
Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы  
филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан  
Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру  
төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін  
тагайындауга (сайлауга) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау  
және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру  
қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру үйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тагайындауга (сайлауга) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, 4-1-бабына (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік

реттеу, бақылау және қадағалау туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес жасалды.

Қағида мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) келісім беру тәртібін анықтайды.

Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның реңми интернет-ресурсында орналастырылады, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұйымдар Сақтандыру қызметі туралы [занда](#), «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының [Занында](#), Кепілдік беру қоры туралы [занда](#), Мемлекеттік реттеу туралы [занда](#) көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

1) жауапты бөлімше – уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшесі;

2) кандидат – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымын атқаруға ниеті бар жеке тұлға немесе басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған, тәуелсіз директор болып табылатын адам;

3) келісім – уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы филиалының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісімі;

4) көрсетілетін қызметті алушы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, сақтандыру брокерінде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде, сақтандыру холдингінде, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының филиалында басшы қызметкер лауазымын атқаруға ниеті бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы немесе жеке тұлға;

5) қаржы ұйымы - банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетакы қоры, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар заңды тұлға, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы және тізбесін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітетін немесе

оларға қатысты мемлекеттің, көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік құқықтары бар мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі бағалы қағаздарды номиналды ұстау функцияларын жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор;

6) колданыстағы келісімдер тізілімі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) қолданыстағы келісім тізілімі;

7) өтінішхат – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісім беруі туралы өтінішхат;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – «Каржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі;

9) портал – «электрондық ұкімет» веб-порталы [www.gov.kz](http://www.gov.kz);

10) ЭЦҚ – электрондық цифровық қолтаңба.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23  
Қаулысымен З-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

3. Уәкілетті органмен келісуге жататын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерінің тізбесі Сақтандыру қызметі туралы заңын [34-бабының](#) 1, 1-1 және 14-тармақтарында және Кепілдік беру қоры туралы заңын [4-1-бабының 1-тармагында](#) айқындалған.

Уәкілетті органмен келісуге жатпайды:

1) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басқару органының құрамына кіретін уәкілетті органның өкілдері;

2) уәкілетті органмен келісілген лауазымнан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының сол бір органы шеңберінде төмен тұрған лауазымға ауыстырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының филиалының басшы қызметкерлері;

3) уәкілетті органмен келісілген атқарушы орган басшысының немесе мүшесінің не басқару органы басшысының немесе мүшесінің лауазымынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының екі және одан да көп құрылымдық бөлімшелерінің қызметін

үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және құжаттарға қол қою құқығына ие сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өзге басшысы лауазымына ауыстырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының басшы қызметкерлері, олардың негізінде сақтандыру және (немесе) инвестициялық қызмет жүргізіледі;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының уәкілетті органмен келісілген басшы немесе басшының орынбасары лауазымынан сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының екі немесе одан да көп құрылымдық болімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының өзге басшысы лауазымына ауыстырылған басшы қызметкерлері Қазақстан Республикасының бейрезидент және олардың негізінде сақтандыру қызметі жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығына ие;

5) уәкілетті органмен келісілген атқарушы орган басшысының немесе мүшесінің не басқару органды басшысының немесе мүшесінің лауазымынан еншілес (еншілес) үйымның (үйимдардың) және (немесе) үйымның (үйимдардың) қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын сақтандыру холдингінің өзге де басшысы лауазымына ауыстырылған сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлері) сақтандыру холдингінің капиталға қомақты қатысуы бар.

Осы тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген басшы қызметкерлер Сақтандыру қызметі туралы заңның 16-2 және 34-баптарында, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Акционерлік қоғамдар туралы заң) 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабында, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Бухгалтерлік есеп туралы заң) 9-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда келісуге жатпайды.  
*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Уәкілетті орган кандидат Сақтандыру қызметі туралы заңның 16-2 және 34-баптарында, Акционерлік қоғамдар туралы заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабында, Бухгалтерлік есеп туралы заңының 9-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде келісім береді.

5. Келісім (тәуелсіз директор болып табылатын, басқару органдының басшысы немесе мүшесі лауазымына тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлерді қоспағанда) басшы қызметкер тиісті лауазымға тағайындалғанға (сайланғанға) дейін беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры болып табылатын, басқару органдының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайлауға келісім ол лауазымға сайланғанға дейін не лауазымға сайланғаннан кейін беріледі.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6. Қолданыстағы келісімі бар адам сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру холдингерінің және (немесе) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына (бірнеше лауазым) Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда қаржы нарығының сақтандыру секторы шенберінде келісілген, қайта келісүсіз тағайындалады (сайланады).

***КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)***

7. Сақтандыру қызметі туралы заң 34-бабының 3-тармағы 3) тармақшасының және Қор туралы заңының 4-1-бабының 2-тармагының 3) тармақшаларының мақсаты үшін кепілдік беру мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) алынбаған немесе өтелмеген сottылығының болуы, қаржы үйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды қүшіне енген сот шешімінің болуы және қаржы үйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылуы;

2) кандидаттың қаржы үйымының, банк конгломератының, сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қабылдаған міндеттемелерін не талаптарын орындаған қаржы үйымының ірі қатысушысы (тікелей немесе жанама) екендігі туралы мәліметтердің болуы;

3) кандидат қаржы үйымының басшы қызметкері бола отырып, қаржы үйымына қатысты уәкілетті орган қолданған қадағалау ден қою шараларының талаптарын бірнеше рет (қатарынан соңғы он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) орындағаны туралы мәліметтердің болуы;

4) кандидаттың төлемге қабілетсіз деп танылған қаржы үйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы үйымында акционер (қатысушы), лауазымды тұлға, басқарушылық функцияларды орындағайтын тұлға болып табылғандығы туралы мәліметтердің болуы;

5) тұлғаның террористік қызметке катысы бар адамдардың тізімінде, терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12 және 12-1-баптарына сәйкес жасалатын жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты үйымдар мен адамдардың тізбесінде болуы;

6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы үйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органы немесе қаржылық қадағалау органы банкті (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, қаржы үйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген оларды лицензиядан айыру, не қаржы үйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды қүшіне енуі, не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімінің заңды қүшіне енуі туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылған оның әрекеттері (әрекетсіздігі) заңнама талаптарын бұзуга алып келген қаржы үйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкері болып табылғаны жөніндегі мәліметтердің болуы;

7) кандидаттың уәкілетті орган қолданған қадағалау ден қою шаралары негізінде қаржы үйымының басшы қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгені туралы мәліметтердің болуы;

8) кандидаттың қызметінде уәкілетті орган мынадай бұзушылықтарды анықтаған қаржы үйымы бөлімшелерін бақылауды (жетекшілік етуді) жүзеге асырганы туралы мәліметтердің болуы:

уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді қатарынан соңғы он екі ай ішінде жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) бұзған;

уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтау туралы мәліметтердің бүрмалануына

әкеп соққан есептілікті жасаған қаржы ұйымының бөлімшелерін бақылауды (жетекшілікті) жүзеге асырғаны туралы мәліметтердің болуы;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17460 болып тіркелген, «Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметін жүзеге асыру қағидалары мен ерекшеліктерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 203 қаулысымен (бұдан әрі – № 203 қаулы) белгіленген [талаптарға](#) сәйкес келмейтін жағдайларда қайта сақтандыру шарттарын жасасуы;

сақтандыру сыйлықақысының негізсіз мөлшерін қолдану, сақтандырудың міндетті түрлерін жүргізу талаптары мен тәртібінен туындастын міндеттерді орындау немесе тиісінше орындау;

қатарынан соңғы он екі ай ішінде жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) сақтандыру төлемін жүзеге асырмау, уақтылы жүзеге асырмау не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмау;

№ 203 [қаулыда](#) көзделген, оның ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сакталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын занды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 [қаулысында](#) көзделген қайта сақтандырушуыдан растаудың болмауы бөлігінде көзделген қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларын беру рәсімін бұзыу;

9) сот шешімімен көрінеу жалған деп танылған кандидаттың аудиторлық қорытындыға қол қою фактісінің болуы;

10) кандидат актуарий бола отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру бойынша талаптарды сақтамау фактілері туралы уәкілдегі органға жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі айда екі немесе одан да көп рет) хабарламағаны туралы мәліметтердің болуы;

11) кандидаттың сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының зандарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді, актуарлық есеп айырысулады жүргізу және (немесе) тәуелсіз актуарий ретінде қызметті жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерді зансыз жариялауы немесе үшінші адамдарға беруі туралы мәліметтердің болуы;

12) қаржы ұйымдарынан, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдарынан, шет мемлекеттің қадағалау органдарынан не «Астана» халықаралық қаржы орталығында қаржылық көрсетілетін қызметтерді және олармен байланысты қызметті реттеуді жүзеге асыратын занды тұлғадан кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің жоқтығы туралы ақпараттың болуы;

13) кандидаттың біліктілік талаптарына және (немесе) іскерлік беделге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы уәкілдегі органның шешіміне әсер ететін көрінеу дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісінің болуы;

14) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) [52-бабының 1-тармағының 9\), 12\), 13\), 14\), 15\), 16\), 17\), 18\), 19\), 20\), 21\)](#) және [25\)](#) тармақшаларда

көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша кандидатпен еңбек шартын бұзу фактісінің болуы;

15) кандидаттың Қазақстан Республикасының Атқарушылық іс жүргізу және сот орындашыларының мәртебесі туралы [заңнамасына](#) сәйкес жүргізілетін борышкерлердің бірыңгай тізілімде болуы, заңды тұлғаның лауазымды адамдарының болуы (берешегі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 1000 (мың) айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда);

16) Мемлекеттік реттеу туралы заңның [13-5-бабына](#) сәйкес қалыптастырылған уәжді пайымдау негізінде анықталған кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болмауы.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттары қолданылатын мерзімдерді қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерінің лауазымдарына кандидаттардың сәйкестігін айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) белгілейді және кемінде бір жылды құрайды.

8. Уәкілдік орган Қағидаларға [1-косымшаға](#) сәйкес нысан бойынша қолданыстағы келісімдердің тізілімін жүргізеді.

Қолданыстағы келісімдердің тізілімі уәкілдік органның ресми интернет-ресурсында жарияланады және ондағы мәліметтер өзгерген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жаңартылады.

Қолданыстағы келісімдер тізіліміндегі ақпарат өзгерген жағдайда, ол тиісті өзгерістерді растайтын ақпаратты уәкілдік орган алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңартылады.

9. Сақтандыру қызметі туралы заңның [34-бабына](#), Кепілдік беру қоры туралы заңның [4-1-бабына](#) сәйкес кандидатты тағайындау (сайлау) үшін кандидаттың халықаралық қаржы ұйымдарындағы жұмыс стажына мынадай халықаралық қаржы ұйымдарындағы жұмысы кіреді:

Азия Даму Банкі;

Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі;

Америкааралық Даму Банкі;

Африка Даму Банкі;

Дүниежүзілік Банк;

Дүниежүзілік сауда ұйымы;

Еуразия даму банкі;

Еуропа Инвестициялық Банкі;

Еуропа Қайта құру және Даму Банкі;

Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар ұйымы;

Еуропалық банк ұйымы;

Еуропалық банк федерациясы;

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі;

Еуропалық сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру ұйымы;

Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі;

Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталық;

Ислам Даму Банкі;

Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі;

Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастыры;

Солтүстік инвестициялық банк;

Халықаралық бағалы қағаздар комиссиясы;

Халықаралық Валюта Қоры;

Халықаралық Даму Қауымдастыры;

Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйелері қауымдастыры;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

Халықаралық зейнетақы қадағалау органдары ұйымы;

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі;

Халықаралық Қаржы Корпорациясы;

Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымы.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы кандидатты тағайындау (сайлау) кезінде оның Сақтандыру қызметі туралы заның [34-бабының](#), Заның [4-1-бабының](#) және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы уәкілетті органды басшы қызметкерлерді тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды қоса алғанда, еңбек шартын бұзу және (немесе) өкілеттігін тоқтату, басшы қызметкерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықта тарту туралы басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы хабардар етеді, сондай-ақ растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса берумен басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы осы ақпарат сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына, сақтандыру брокеріне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына, сақтандыру холдингіне, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді.

12. Басшы қызметкерлердің тағайындалуын (сайлануын), басқа лауазымға ауысуын, еңбек шартының бұзылуын және (немесе) өкілеттіктерінің тоқтатулыын қоса алғанда, олардың құрамында болған өзгерістер туралы ақпарат растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға [2-косьымшаға](#) сәйкес нысан бойынша, растаушы құжаттардың көшірмелерін тіркей отырып жіберіледі.

Тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлер туралы ақпаратқа кандидаттың Сақтандыру қызметі туралы заның [34-бабының](#), Кепілдік беру қоры туралы Заның [4-1-бабының](#) және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелерін растайтын мәліметтер қоса беріледі

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ұсынылатын растаушы құжаттардың көшірмелерінде басшы қызметкерлерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттігін тоқтату) күні болмаған жағдайда тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттігін тоқтату) күні болып сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешім (бұйрық) қабылдаған күні не шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиғаның басталған күні есептеледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру

холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме мынадай мәліметтерді қамтиды:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының толық атауы және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының атқарушы органдының орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналышын (басқару органдының отырысын) өткізу күні, уақыты және орны;

отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер (басқару органдының отырысы үшін);

акционерлердің жалпы жиналышының кворумы (басқару органдының отырысы);

басқарушы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілдіктерін тоқтату) туралы мәселе бөлігінде акционерлердің жалпы жиналышы отырысының (басқару органы отырысының) күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер, басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілдіктерін тоқтату) бөлігінде олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілдіктерін тоқтату) бөлігінде қабылданған шешімдер.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешімінен алынған үзінді-көшірме осы құжатқа қол қоюға уәкілділік берілген қызметкердің (қызметкерлердің) қолымен расталады және үзінді-көшірменің дұрыстығына нұсқауды қамтиды.

## 2-тарау. Келісім беруге арналған құжаттарды қарau тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы электрондық түрде өтінішхат ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатты портал арқылы жіберген кезде «жеке кабинетте» нәтижені алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

14. Өтінішхат көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылады, онда мыналарды:

1) жеке және заңды тұлғалар үшін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді;

2) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 - бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуға келісім беру (көрсетілетін қызметті алушылар-жеке тұлғалар үшін);

3) кандидаттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының,

сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін растауды;

4) кандидат, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры болып табылатын басқару органының басшысы немесе мүшесі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы құжатпен тексергенін растауды (занды тұлғалар үшін);

5) кандидат келісілетін басшы қызметкердің лауазымын (лауазымдарын) көрсету арқылы еркін нысанда жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушының-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының өтінішхаты:

құжаттарды атқарушы орган басшысының (атқарушы органның функциясын жекедара жүзеге асыратын адамның), атқарушы органның басшысы болып табылатын басқару органы мүшесінің келісуіне жіберген кезде – басқару органының басшысының, ал ол болмаған жағдайда басқару органының шешімі бойынша басқару органы мүшелерінің бірінің (басқару органының осы шешімінің көшірмесін ұсына отырып), көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің бірінің, басқару органының басшысы және мүшелері болмаған жағдайда, осы құжатқа қол қоюға уәкілеттік берілген, көрсетілетін қызметті алушының қатысушыларының бірінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған көрсетілетін қызметті алушы үшін);

калған жағдайларда - атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жекедара жүзеге асыратын адамның) басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысының міндетін атқарушы адамның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) өтінішхаты:

құжаттарды Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысына келісуге жіберген кезде - Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері осы құжатқа қол қоюға уәкілеттік берген адамдарының (растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып);

калған жағдайларда - Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) ЭЦҚ-мен куәландырылады.

17. Басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтер Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

18. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаган халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостиль қойылуға жатады.

Шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариаттық куәландырылуға жатады және электрондық көшірмелер нысанында ұсынылады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын (байланыс телефондарын және байланысатын адамдардың электрондық поштасының мекенжайларын көрсете отырып) ұсынады.

Тәуелсіз директор болып табылатын басқару органдының басшысын немесе мүшесін келісу үшін ол лауазымға сайланғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы өзі сайланған құннен бастап қүнтізбелік 60 (алпыс) құннен кешіктірілмейтін мерзімде құжаттардың толық топтамасын ұсынады.

18. Хат-хабарды қабылдауга және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес демалыс және мереке құндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшениң қызметкері өтінішхатты тіркеген құннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және құжаттардың қолданылу мерзімін тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімінің аяқталу фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшениң қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

Уәкілетті органдың уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

19. Ұсынылған құжаттардың толықтығы және (немесе) қолданылу мерзімінің өтпеу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшениң қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және шет мемлекеттердің уәкілетті қадағалау органдарына (қажет болған кезде) тиісті сұратулар жібереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы есепке алудың ақпараттық жүйесіне және «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорына сұратулар жібереді.

Ұсынылған құжаттарда Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің талаптарына сәйкесіздіктер анықталған кезде мемлекеттік қызмет көрсету ішінде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға оларды жою және көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынуы үшін ескеरтулер бар хат жібереді. Бұл ретте уәкілетті органдың кандидатты келісу үшін құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.

Кандидаттың Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі болған кезде уәкілетті орган кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болуын растау мақсатында шет мемлекеттің уәкілетті қадағалау органдынан кандидаттың мінсіз іскерлік беделін сипаттайтын мәліметтердің болуы (белде) туралы ақпаратты сұратады не осы мәліметтерді шет мемлекеттің қадағалау органдының реисми интернет-ресурсынан алады (бар болса).

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 20-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

20. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тындауды өткізуінде уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы танысқаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін ұсынуға құқылы.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімшениң қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті органның қабылдаған шешімі туралы хат жібереді.

21. Келісім беру үшін ұсынған құжаттарды кері қайтарып алуға уәкілетті орган кандидатты келісу туралы шешім қабылдағанға дейін, ал тестілеуге шақырумен келіскең кезде - көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш беруі арқылы тестілеуден өту күніне дейін жол беріледі.

### **3-тaraу. Тестілеуден өту үшін шақырумен немесе шақырусыз келісу және келісім беру тәртібі**

22. Кандидатты келісу үшін уәкілетті органда сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидаттардың сәйкестігін айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның дербес құрамы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Қаулысымен 23-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

23. Келісуді уәкілетті орган Комиссияның шешімі бойынша кандидаттарды тестілеуден өту үшін шақыра отырып не Қағидалардың 26 және 27-тармақтарында көзделген талаптар ескеріле отырып, оларды шақырмай-ақ жүргізеді.

24. Комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Комиссия төрағасының немесе оның орнындағы адамның дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімі сауалнамалық жолмен де қабылданады.

25. Комиссия мүшелері құжаттарды қарайды және қаралып отырған мәселе бойынша Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген хаттамада өз пікірін білдіреді.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Қаулысымен 26-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

26. Кандидатты тестілеуден өту үшін шақырусыз келісу туралы мәселені қарау кезінде ұсынған құжаттардың негізінде мыналар ескеріледі:

1) кандидатта тізбесі Қағидалардың 9-тармағында айқындалатын халықаралық қаржы үйымдарында не қаржы үйымдарының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитордың 5 (бес) жылдан астам жұмыс өтілінің болуы;

2) кандидатта өтініш берген күннің алдындағы 10 (он) жыл ішінде қызметі қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты болған қаржы үйымының басшы қызметкерінің, сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің, дербес құрылымдық бөлімшениң (департаменттің, басқарманың, филиалдың және өзге де дербес құрылымдық бөлімшениң) басшысының, қаржы және (немесе) басқарушы директордың, қаржылық қызметтерді

көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен атқарушы директордың 5 (бес) жылдан астам үздіксіз жұмыс өтілінің болуы.

Осы тармақшаның мақсатында лауазымдарға орналасу арасындағы 90 (тоқсан) күнтізбелік құннен асатын кезең өтілдің үзілуі болып есептеледі;

3) бұрын уәкілдегі органмен келісілген, сақтандыру секторындағы жұмыс өтілі 15 (он бес) жылдан асатын кандидаттарды келісі;

4) кандидатта актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған жарамды лицензияның болуы;

5) кандидатта тәуекелді басқару саласындағы халықаралық сертификаттың болуы (FRM (Financial Risk Manager) (ФРМ Файненшил тәуекел-менеджері) - Қаржылық тәуекел-менеджері, PRM (Professional Risk Manager) (ПРМ Профессионал тәуекел-менеджері) – Кәсіби тәуекел-менеджері, CFA (Chartered Financial Analyst) (СФА Чартеред файненшил аналит) – Сертификаты бар қаржы талдаушысы) және (немесе) ISO 31000 сериясының стандарты бойынша сертификат;

6) тек қана қауіпсіздік мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне, ақпараттық технологиялар мәселелеріне жетекшілік етуді қөздейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің атқарушы органдының мүшесі лауазымына кандидатты келісу;

7) кандидат бұрын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және (немесе) қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдың дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың, филиалдың және өзге де дербес құрылымдық бөлімшениң) басқарма мүшесі, бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары, басшысы (басшының орынбасары) болған ба;

8) кандидат бұрын мемлекеттік орган аппаратының басқарма мүшесі, бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары, жауапты хатшысы, басшысы болған ба;

9) кандидат өтініш берген күнге басқару органдының басшысы немесе мүшесі, ұлттық басқарушы холдингтің атқарушы органдының басшысы немесе мүшесі болған ба немесе болып табылады ма;

10) кандидатты бас бухгалтер лауазымына келісу;

11) кандидатты басқару органдының басшысы немесе тәуелсіз директор болып табылатын мүшесі лауазымына келісу.

Осы тармақтың талаптары Қағидалардың 27-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға қолданылмайды.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 27-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

27. Тестілеуден өту үшін міндettі түрде шақырылуға жатады:

1) құжаттары уәкілдегі орган қаржы ұйымының, сақтандыру және (немесе) банк холдингінің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін алғаш рет келісімді алу үшін уәкілдегі органға ұсынылатын адамдар;

2) Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, құжаттары уәкілдегі органға алғаш рет келісім алу үшін ұсынылатын адамдар.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 28-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

28. Комиссия кандидатты тестілеуге шақыра отырып келісу туралы шешім қабылдаған кезде уәкілдегі орган көрсетілетін қызметті алушыны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілдегі адамының ЭЦК-мен қуәландырылған хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» тестілеу өткізілетін күні, уақыты мен орны көрсетілген хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы (кандидат) уәкілетті орган белгілеген күні және уақытта тестілеуден өту үшін уәкілетті органға міндettі түрде келуін қамтамасыз етеді.

Егер кандидат уәкілетті органның орналасқан жерінен тыс жерде болса және оған байланысты емес мән-жайлар бойынша уәкілетті орган тағайындаған күні мен уақытында тестілеуден өту үшін уәкілетті органға келуін қамтамасыз ете алмаса, көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға осы мән-жайлардың болуын және оларды жоюдың мүмкін еместігін растайтын құжаттарды (мәліметтерді) ұсынады.

Уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды (мәліметтерді) зерделейді және кандидаттың келмеуінің объективті себептері болған кезде кандидатты тестілеу қашықтан жүргізіледі.

Тестілеуден қашықтан өту кезінде аудио, бейнебайланыс және құжаттармен бірлесіп жұмыс жүргізу құралдарымен конференциялар мен онлайн кеңестер өткізу үшін сервис пайдаланылады, уәкілетті орган трансляцияны жазуды жүзеге асырады. Көрсетілген талапты растау мақсатында тестіленуші адам тестілеу процесін аудио және бейне тіркеуді жүргізетін және тестілеу өткізілетін бүкіл үй-жайға шолуды қамтамасыз ететін кемінде үш құрылғыны пайдаланады.

29. Тестілеуден өту үшін шақырумен келісу 30 сұрақ бойынша 45 минут ішінде мемлекеттік немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде компьютерлік тестілеу әдісімен жүргізіледі.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Каулысымен 30-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

30. Тестілеу кезінде тестіленуші адаммен бір үй-жайда тек уәкілетті орган қызметкерлерінің қатысуына рұқсат етіледі.

Кандидаттар тестілеуден өтетін уәкілетті органның үй-жайында тестілеу процесінің аудио және бейнетіркеуі жүргізіледі.

31. Тестілеуден өту кезінде тестіленуші қандай да бір жазбаша, электрондық немесе басқа ақпараттық материалдарды пайдаланбайды. Осы тармақта жазылған шарттардың бұзылуы тестілеудің теріс нәтижесіне теңестіріледі.

32. Тестіленуші тестілеу нәтижелерімен ол өткеннен кейін дереу қол қойғызып танысуға жатады.

33. Тестілеудің оң нәтижесін алған кезде (кемінде жетпіс пайыз дұрыс жауаптар) кандидат мәлімделген лауазымға (лауазымға) немесе сайланған лауазымға (лауазымға) келісілді деп есептеледі.

34. Тестілеу уәкілетті органның интернет-ресурсында онлайн режимде трансляциямен өткізіледі.

35. Жауапты бөлімшениң қызметкері кандидат тестілеуден өткеннен кейін (тестілеу нәтижесі оң болған жағдайда) немесе комиссия оны келісу мәселесі бойынша шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тестілеуден өту үшін шақырусыз Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы мәліметтерді қамтитын хат жобасын дайындайды.

36. Жауапты бөлімшениң қызметкері көрсетілетін қызметті алушының атына мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген негіздер бойынша келісу нәтижесі туралы мәліметтерді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қамтитын хатқа қол қойған күні мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦК-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

37. Кандидатты келісу және (немесе) келісуден бас тарту мәселесі бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы ақпаратты жауапты бөлімшениң қызметкері уәкілетті органның реcми интернет-ресурсында жариялады.

38. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері бойынша уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

39. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкілетті органның басшысы, мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік қызмет туралы заңын 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер сақтандыру қызметі туралы [занда](#), Кепілдік беру қоры туралы заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

##### **40. Шағымда:**

1) көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке күәлікте көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нәмірі, пошталық мекенжайы немесе заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нәмірі;

3) жеке тұлғаның нақты тұратын мекенжайы және заңды тұлғаның орналасқан жері;

4) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған (шағым жасалып отырған) лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

5) шағым беруші адам өз талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

6) шағымның шығыс нәмірі мен берілген күні;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

41. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

Уәкілетті орган басшысының шағымды қабылдағанын растау оны уәкілетті органның кеңесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мертабан, кіріс нәмірі және күні) болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол уәкілетті орган шағымды өндеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын,

келісім алу үшін қажетті  
құжаттарды қоса алғанда,  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының, Қазақстан  
Республикасының бейрезидент-  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымы филиалының, сақтандыру  
холдингінің, сақтандыру брокерінің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент- сақтандыру брокері  
филиалының және «Сақтандыру  
төлемдеріне кепілдік беру қоры»  
акционерлік қоғамының  
басшы қызметкерін тағайындауға  
(сайлауға) қаржы нарығы мен  
қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау  
және қадағалау жөніндегі үекілетті  
органның келісім беру [қағидаларына](#)

1-қосымша

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің,  
Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру  
брокерлері филиалдарының, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне  
кеңілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға  
(сайлауға) қолданыстағы келісімдердің  
тізілімі**

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Кандидатқа келісім берілген лауазымы (лауазымдары)	Келісім берілген күні, хаттаманың №	Келісімнің қолданысын тоқтату	
				Күні	Негіздеме*
1	2	3	4	5	6
Сақтандыру секторы					

Ескертпе: \* сақтандыру қызметі туралы Заңның [34-бабы 5-2-тармағының](#), кепілдік беру қоры туралы Заңның 4-1-бабы 3-тармағының тиісті тармақшасына сілтеме көрсетіледі

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын,  
келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда,  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру

ұйымы филиалының, сақтандыру

холдингінің, сақтандыру

брокерінің, Қазақстан

Республикасының бейрезидент-

сақтандыру брокері филиалының

және «Сақтандыру төлемдеріне

кепілдік беру қоры» акционерлік

қоғамының басшы қызметкерін

тағайындауға (сайлауға) қаржы

нарығы мен қаржы ұйымдарын

реттеу, бақылау және қадағалау

жөніндегі уәкілетті органның

келісім беру [қагидаларына](#)

2-қосымша

## Басшы қызметкерлер құрамында болған өзгерістер туралы мәліметтер

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан  
Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының,  
Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру  
холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының  
атауы)

№ П№	Басшы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Күні және болған өзгеріс *	Тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, қызметтен шығару (өкілеттіктерін тоқтату) туралы шешімнің (бұйрықтың) нөмірі, күні	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтен шығару (өкілеттігін тоқтату) негіздері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: \* басшы қызметкерлер құрамында (лауазымға тағайындау (сайлау), басқа  
лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттікті тоқтату) болған Күн және қандай  
өзгерістер көрсетіледі.

Қосымша (параптар санын көрсете отырып):

Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(қолы)

20 \_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23  
Қаулысымен 3-қосымша жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа  
енгізілді) (бұр. ред. қара)*

Мінсіз іскерлік беделдің  
болмау өлшемшарттарын,  
келісім алу үшін қажетті  
құжаттарды қоса алғанда,  
сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының, Қазақстан

Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру үйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан

Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру [қагидаларына](#)

3-қосымша

**«Сақтандыру секторындағы басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауга) келісім берудің» кіші түрі бойынша «Қаржы үйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін қызметке тағайындауға (сайлауға) келісім беру» мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік қызметтің атауы	Қаржы үйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы	сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру		
1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).		
2. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	«Электрондық ұқіметтің» <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал)		
3. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы порталға құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде.		

		Бұл мерзім «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 6-2-тармағында көзделген жағдайда, дәлелді пайымдау жобасы басшы қызметкер лауазымына кандидатты келісуге құжаттарды ұсынған адамға жіберілген күннен бастап дәлелді пайымдауды пайдалана отырып, уәкілетті органның шешімі қабылданған күнге дейін тоқтатыла тұрады.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/«бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Уәкілетті органның көрсетілетін қызметті алушының атына басшы қызметкерді басшы қызметкердің нақты лауазымына (нақты лауазымдарына) тағайындауга (сайлауга) берілген келісімі туралы мәліметтерді қамтитын хаты не осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетіletіn қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындаға (сайлауга) келісім беру бойынша). Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
7.	Көрсетіletіn қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбекі кодексіне (бұлан әрі – Кодекс) және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес көрсетіletіn қызметті алушы демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету	1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ресімделген

үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

электрондық құжат нысанындағы өтінішхат; 2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (егер алымды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда); 3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі; 4) азаматтық елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген сottылығының жоқтығы туралы азаматтық елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін - олардың тұрақты тұратын елінің) не кандидат соңғы 15 жыл (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжаттың электрондық көшірмесі. Көрсетілген құжаттың берілген күні өтінішхат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы алынбаған немесе өтелмеген сottылығының жоқ екені туралы мәліметтердің растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға қатысты оларға растайтын құжаттарды беру көзделмеген болса, онда тиісті растау азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі; 5) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген кесіби бухгалтер сертификатының электрондық көшірмесі (бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін); 6) бухгалтерлердің аккредиттеген кесіптік ұйымына мүшелігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін); 7) Қағидалардың 26-тармағының 5) тармақшасына сәйкес халықаралық сертификаттардың электрондық көшірмелері (бар болса); 8) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін). Уәкілетті орган құжаттарда көрсетілген: Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын; Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген

		соттылығының жоқтығын растайтын мәліметтерді «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9.	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	<p>1) кандидаттардың «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 және 34-баптарында, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабында, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабында немесе Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>2) тестілеудің теріс нәтижесі;</p> <p>3) осы Тізбенің 3-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының ескертулерін жоймауы немесе көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының ескертулерін ескере отырып пысықталған құжаттарды ұсынуы;</p> <p>4) кандидатты басшы қызметкер лауазымына сайлаудың (тағайындаудың) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің бұзылуы;</p> <p>5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 6-1-тармағының екінші бөлігінде және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабы 3-тармағының сегізінші бөлігінде белгіленген мерзім өткеннен кейін құжаттарды ұсыну, осы мерзім ішінде тәуелсіз директор болып табылатын басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына кандидат өзінің лауазымын «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының уәкілетті орган.</p> <p>Бұл талап тәуелсіз директор болып табылатын басқару органы басшысының немесе мүшесінің лауазымына қолданылады;</p> <p>6) уәкілетті органда басшы қызметкер лауазымына кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге әкеп соққан деп танылған іс-қимылдарды жасаганы туралы мәліметтердің (фактілердің) болуы.</p> <p>Бұл талап атап оқылардың қайсысы ерте басталса, соған қатысты бір жыл бойы қолданылады:</p> <p>уәкілетті орган кандидаттың іс-қимылдарын</p>

		<p>бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануы; уәкілетті органның осындай іс-қимылдарды жасау нәтижесінде үшінші тұлғага (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алуы; 7) уәкілетті органда кандидаттың өзіне қатысты уәкілетті орган қадағалау дең қою шараларын қолданған және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, нарықта айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған іс-әрекеттер жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған қаржы үйымының қызметкері болып табылғаны және (немесе) қаржы үйымына және (немесе) мәмілеге қатысатын үшінші тұлғага (үшінші тұлғаларға) залал келтіруге әкеп соқтырғаны туралы мәліметтердің болуы. Бұл талап аталған оқиғалардың қайсысы ерте басталса, соған қатысты бір жыл бойы қолданылады:</p> <p>уәкілетті орган кандидаттың іс-қимылдарын бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануы; уәкілетті органның осындай іс-қимылдарды жасау нәтижесінде қаржы үйымына және (немесе) үшінші тұлғага (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алуы.</p> <p>Осы тармақшаның мақсаттары үшін қаржы үйымының қызметкері деп құзыретіне жоғарыда аталған бұзушылықтарға әкеп соққан мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кіретін басшы қызметкер не оның міндетін атқарған адам және (немесе) қор биржасының трейдері түсініледі;</p> <p>8) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 - бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы (көрсетілетін қызметті алушылар - жеке тұлғалар үшін).</p> <p>Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерге, сонымен қатар уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы үйымы резиденті болып табылатын мемлекеттік қаржылық қадағалау органынан алған мәліметтер жатады.</p>
10.	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның реңи интернет-ресурсында орналастырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан кол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар. Порталда іркіліс не техникалық ақаулар анықталған жағдайда, Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қажет. Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414. Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, уәкілетті орган «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Мұндай жағдайда оператор көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған уәкілетті органмен бірге қол қояды. «Бағалы қағаздар нарығы секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру» кіші түрлері бойынша «Қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктегі филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға келісім беру» мемлекеттік қызмет көрсету уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

*ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023.05.05. № 23 Қаулысымен 4-қосымша жаңа редакцияда (2023 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін

тағайындауға (сайлауға) қаржы  
нарығы мен қаржы үйымдарын  
реттеу, бақылау және қадағалау  
жөніндегі уәкілдегі органның  
келісім беру [қагидаларына](#)  
4-қосымша

фотография  
3x4

### **Басшы қызметкердің лауазымына (лауазымдарына) кандидат туралы мәліметтер**

сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан  
Республикасының

бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан  
Республикасының

бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру  
төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына  
кандидаттың тегі, аты, экесінің аты (ол бар болса)

кандидат

келісетін лауазым

(лауазымдар)

1. Жалпы мәліметтер: Тұған күні және тұған жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәланыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының атауы (көрсетілетін қызметті алушы-занды тұлға үшін)	

#### 2. Білімі:

P/c №	Оқу орнының атауы	Қабылданған жыл – аяқтаған жыл	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары)  
және жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары)  
туралы мәліметтер:

P/c №	Тегі, аты, экесінің аты (ол бар болса)	Тұған жыл	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

4. Оларға қатысты кандидат ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

p/c №	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Жарғылық капиталға қатысу үшін немесе кандидатқа тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына қатынасы (пайызбен) *
1	2	3	4

Ескертпе: \* 4-бағанда акцияларды кандидаттың сенімгерлік басқарудағы акцияларын (үлесін), сондай-ақ иелену нәтижесінде кандидат өзге тұлғалармен бірге ірі қатысуышы болып табылатын акциялардың (улестердің) санын ескере отырып көрсету.

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

p/c №	Жұмыс істеген кезеңі *	Жұмыс орны**	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері	Өзге мәліметтер***
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: осы тармақта кандидаттың еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органынына мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап, лауазымын көрсете отырып еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ кандидат еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

\* қаржы ұйымдарында (оның ішінде шығарылған елінің заңнамасы шенберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру бойынша өкілеттігі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдарында), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде, аудиторлық ұйымдарда, сондай-ақ қаржы ұйымдарын (оның ішінде туган елінің заңнамасы шенберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру үәкілеттігі бар, Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының) басқару органдарында, банк немесе сақтандыру холдингтерінде мүшелігі туралы мәліметтер, күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жылы көрсетіледі;

\*\* егер ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса оның тіркелген елі көрсетіледі.

\*\*\* дербес құрылымдық бөлімшениң (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары), қаржы, басқарушы және (немесе) атқарушы директор лауазымына орналасқан жағдайда, жетекшілік ететін бөлімшелер, осы ұйымда қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер көрсетіледі.

6. Кандидаттың салықтар бойынша аудитті қоса алғанда, қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге қатысу туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауы, аудит жүргізу мерзімі, сондай-ақ кандидаттың

аудит жүргізілген қаржылық есепке орындаушы аудитор ретінде (бар болса) қол қойған күні көрсетіледі.

7. Қаржы ұйымындағы (қаржы ұйымдарындағы) және (немесе) басқа ұйымдардағы инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

p/n №	Кезеңі (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы
1	2	3

8. Қаржы үйымының, банк, сақтандыру холдингінің басшысы ретінде қаржы үйымының, банк, сақтандыру холдингі қызметінің мәселелері бойынша сот талқылауларында жауапкер ретінде тартылған-тартылмағандығы

---

(иә (жок), күні, үйымның атауы,

---

сот талқылаудағы жауапкердің атауы, қаралатын мәселе мен заңды күшіне енген

---

сот шешімі көрсетілсін (ол шығарылған жағдайда)

9. Кандидат тағайындау (сайлау), келісу үшін құжаттарды тапсыру күніне дейін үш жыл ішінде экономикалық қызмет, сыйбайлас жемқорлық саласындағы қылмыстарды жасағаны үшін жауаптылықта тартылды ма («Сақтандыру төлемдеріне кпілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкер лауазымына кандидат толтырмайды)

(иә (жок),

құқық бұзушылықтың, қылмыстың қыскаша сипаттамасы

---

жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып, тәртіптік жаза қолдану

---

туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

10. Кандидатқа қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тығым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуына негіз болған сот шешімінің болуы

Осы ақпаратты тексергенімді, жұмыс берушілерден зейнетақы есептеулері кезеңдерін кандидат туралы мәліметтерде көрсетілген еңбек қызметі кезеңдерімен салыстыру бөлігінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-тың деректерімен салыстырғанымды және оның дәйекті және толық екендігін растаймын, сондай-ақ басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға өзімнің сәйкес келетінімді және мінсіз іскерлік беделімнің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге және заңмен қорғалатын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға қажетті дербес деректерді жинауға және өндегуе келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

---

---

(кандидат баспа қаріпперімен өз қолымен толтырады)

Көлік \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Қаржы үйымының, холдингтің, Қордың тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады:

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) тәуелсіз директоры лауазымына тағайындау (сайлау) үшін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.

---

сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру

холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының атапуы

Қолы \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру үйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы үйимдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларына 5-қосымша

Нысан

**Комиссияның сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бей-резидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына кандидатты қарауды бойынша №\_\_\_\_ хаттама**

---

(сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазым (дар) ы

---

(сақтандыру секторы, лауазым (дар) ы)

ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_ »

№	Комиссия Төрағасының	Тестілеуге	Тестілеуге жіберу және	Келісуден
---	----------------------	------------	------------------------	-----------

тегі, аты, әкесінің аты (ол болса)	шақырмай келісу	тестілеу оң нәтижесі болған кезде келісу	бас тарту
Комиссия мүшелерінің тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса)			

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігінің  
2020 жылғы 30 наурыздағы  
№ 43 [қаулысына](#)  
қосымша

**Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. «Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшартын қоса алғанда, қаржы үйимдарының, банктің, сактандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14784 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. «Қаржы үйимдарының, банк, сактандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 260 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16234 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қантарда Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. «Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшартын қоса алғанда, қаржы үйимдарының, банктің, сактандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 26 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16563 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу» туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 246 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17972

бұлып тіркелген, 2018 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер тізбесінің [6-тармағы](#).

5. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №19845 болып тіркелген, 2020 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер тізбесінің [3-тармағы](#).